

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ / ҚАЗАҚ ТІЛІ

Шығарма жазуға үйретудің алғашқы қадамдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.10.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/183261/

Камзаева Лариса Орынбасаровна

Алматы облысы, Іле ауданы, Бердібек Соқпақбаев атындағы №53 орта мектеп
Қазақ тілі және әдебиет

Бастауыш сыныптағы оқушыларды шығарма жазуға үйрету – тіл дамыту жұмысының маңызды бөлігі. Шығарма жазу арқылы бала өз ойын жүйелі жеткізе білуге, сөз байлығын молайтуға, ойлау мен қиялдау қабілетін дамытуға үйренеді. Мұғалімнің міндеті – оқушыны бірден толыққанды шығарма жазуға емес, біртіндеп, қызықты әдістер арқылы бағыттау.

ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ

Шығарма жазуға дейін бала белгілі бір тақырып бойынша әңгімелесіп, сурет қарап, мәтін талдап немесе бейнебаян көріп, өз ойын айтуға дайындалуы керек. Бұл кезеңде мұғалім:

- тақырыпқа байланысты сөздік жұмысын жүргізеді;
- сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың ойын ашады;
- ойды жинақтап, жоспар құруға үйретеді.

ЖОСПАР ҚҰРУҒА ҮЙРЕТУ

Жоспар – шығарманың негізі. Мұғалім ең алдымен үш бөлімді жоспармен таныстырады:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды

Бірнеше мысалдар арқылы балалар өз жоспарын құрастыруға машықтанады. Мысалы, «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбы бойынша жоспар жасау.

ШЫҒАРМАНЫ БІРЛЕСІП ЖАЗУ

Алғашқы қадамдарда шығарманы мұғалімнің көмегімен немесе ұжымдық түрде жазған тиімді. Бірлескен жазу кезінде балалар сөйлем құрау, байланыс орнату, ойды толық жеткізу жолдарын үйренеді. Мұғалім бағыт-бағдар беріп, түзету жасап отырады.

ӨЗ БЕТІНШЕ ЖАЗУҒА КӨШУ

Бала біртіндеп өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады. Мұғалім тек жалпы бағыт беріп, оқушының жеке көзқарасын бағалауға мән береді. Бұл оқушының шығармашылық қабілетін арттырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шығарма жазуға үйрету – үздіксіз, кезең-кезеңімен жүзеге асатын процесс. Оқушыны еркін ойлауға, өз пікірін дәлелдеуге, әдемі сөйлеуге және сауатты жазуға баулу – әр ұстаздың басты мақсаты. Алғашқы қадамдарда дұрыс бағыт беру баланың жазу мәдениетін қалыптастырудың кілті болып табылады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.